

## Ақтөбе облысы әкімдігінің кейбір актілері туралы

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 11 қаулысы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27, 37 - баптарына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ақтөбе облысы әкімдігінің мына қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 172 "Ақтөбе облысының облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4373 болып тіркелген, "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде 2015 жылғы 30 маусымда жарияланған);

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 173 "Ақтөбе облысының облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының индекстерінің атауларын бекіту туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4374 болып тіркелген, "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде 2015 жылғы 30 маусымда жарияланған).

*Ақтөбе облысы әкімі*

*Б. Сапарбаев*